Зерделеу барысында: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. 4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырды *(11-сыныпта 16 сағаттық жылдық жүктеме АӘТД пәнін оқыту бағдарламасына және оқулықтағы берілген материалдарына сәйкес).*

Мектеп-гимназиясы бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсы жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат (дүниетану), 5-9 сыныптарда 15 сағат (дене шынықтыру), 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат (АӘТД) сабақтарында кіріктіріліп өткізілген.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша курс бағдарламасына сәйкес 2021-2023ж.ж. «Kundelik.kz» электрондық журналдарында, 2023-2024 оқу жылында «Bilim class» электрондық журналдарында дүниетану, дене шынықтыру, АӘТД пәндерінде кіріктіріліп оқытылған, уақытында орындалған. 2023-2024 оқу жылы бойынша кіріктіріліп оқытылған күндері мен бағдарламалардың толық орындалуы туралы мәлімет қосымша жүктелген.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы іске асырылды, барлық бекітілген сағат саны орындалған.

«Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Ақтөбе облыстық білім басқармасының 18.09.23 жылғы №4136 хатына сәйкес, білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ғимараттан жедел шығу жаттығу ұйымдастырылды.

Төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу бойынша іс-әрекет алгоритмін көрсету, түсіндіру жұмыстары жасалды.

[https://www.instagram.com/p/CxxbYm6skNr/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ](https://www.instagram.com/p/CxxbYm6skNr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZ)

[https://www.instagram.com/reel/C0loKgxsnOH/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C0loKgxsnOH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы негізінде, мектеп фракциясының онкүндігі аясында, "DOSBOLLIKE: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акциясы, өрт қауіпсіздігін сақтау және кәсіби бағдар беру мақсатында Ақтөбе облысының ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ №3 ӨСБ-не 4-7 сынып ұлдарының қатысуымен экскурсия ұйымдастырылды.

[https://www.instagram.com/p/C2zW9A7MZCF/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/C2zW9A7MZCF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)

1 наурыз-Бүкіләлемдік Азаматтық қорғаныс күніне арналған мектеп-гимназиясы бойынша эвакуациялық жаттығулар ұйымдастырылды. [https://www.instagram.com/p/C3-eY5AMTOh/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/C3-eY5AMTOh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

ҚР ҰҚК ТҚО штабында «Радикализм. Экстремизм. Терроризм» атты қарсы насихат бейнеролик дайындалды.

[https://www.instagram.com/reel/C4qJfRisIkQ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C4qJfRisIkQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

[https://www.instagram.com/reel/C5XulOpMnkY/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/reel/C5XulOpMnkY/?utm_source=ig_web_copy_link)

#### 4.9 «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына және 2018 жылғы Әдістемелік нұсқау хатта берілген «Жолда жүру ережесін оқыту» бағдарламасына сәйкес мектепте 2021-2024ж.ж. 1-8 сынып оқушыларына жолда жүру ережесін оқыту және сақтау туралы 27.08.2021ж. Б.№34.5, 27.08.2022ж.Б.№139.2, 31.08.2023ж. Б.№131.18. бұйрықтарына сәйкес жұмыс жүргізілді. Мектепшілік инспектордың қатысуымен «Жас инспектор» тобы жұмыс жасайды. 2021-2024ж.ж. жылдық жұмыс жоспарлары бар. Жолда жүру ережесіне стендтер, тақта, жинақ материалдары, қолхаттары жинақталған. Күн сайын соңғы сабақтың соңында оқушыларға жолда жүру ережелері туралы, автобусқа байланысты қауіпсіздік ережелері жөнінде 5 минуттық нұсқаулық беру МАД, 1-11 сынып жетекшілеріне міндеттелген.

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан 2021-2022, 2022-2023оқу жылдары бойынша «Kundelik.kz» электрондық журналдарында қосымша білім беру бөлігінде бағдарламасына сәйкес орындалған. 2023-2024 оқу жылында «Bilim class» электрондық журналдарында электрондық журналында сынып сағаттарының есебінен кіріктіріліп бағдарламасына сәйкес орындалған.

1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан 2021-2022, 2022-2023о.ж. электрондық журналдың қосымша білім беру бөлігінде жазылған, 2023-2024о.ж. электрондық журналында сынып сағаттарының тақырыптарымен кіріктіріліп жазылған.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асырылды, барлық бекітілген сағат саны орындалған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 1 сынып жетекшілері оқушылардың жолда жүру ережесін үйрену және сақтау мақсатында жыл сайын дәстүрлі өтетін Ақтөбе қаласы ПБ ППБ қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты А.Б.Сапаров пен М.М.Досалиевтің қатысуымен МАД, 1а,ә,б,в,г,д,е сынып оқушыларға арналған мектепшілік "Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік" атты ашық сынып сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CyipKoLs4mO/?igshid=MzRIODBiNWFIZA>==

Мектепалды даярлық IV-сыныпында жолда жүру ережелері тәрбие сағатты өткізілді.

Ақтөбе қаласы ПБ Алматы ауданы 3 ҚПБ бастығының полиция подполковнигі Н.А. Утегенов келіп тәрбие сағатына қатысып түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CxfeO0bMlJb/?igsh=MW53ajlxMW9taTZjYw>==

[https://www.instagram.com/p/CxflGLsKgZ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CxflGLsKgZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

[https://www.instagram.com/p/CxgAhymskyq/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CxgAhymskyq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

[https://www.instagram.com/p/Cx5XzDos\\_Q7/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/Cx5XzDos_Q7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы ережелерін сақтау мақсатында 1-4 сыныптарда "Бала және бағдаршам", 5-9 сыныптарда "Жол қауіпсіздігін сақтаймыз", 10-11 сыныптарда "Қауіпсіздік-басты міндет" тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

[https://www.instagram.com/reel/C4KTTNao2ZC/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/C4KTTNao2ZC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA)==

2024 жылдың 20 мамыр күні Ақтөбе қаласы ПБ Алматы ауданы №3 ҚПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты, Әбдірахманов Мұхамметали Абайұлы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7 -

11 сынып оқушыларына «ҚР қылмыстық кодексі. Қылмыстық құқық бұзушылық алдын-алу. Жол-көлік оқиғалардың . агрессивті мінез-құлықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу. Суық қару, кешкі уақыт, бос уақытты тиімді ұйымдастыру» және т.б. тақырыптарда профилактикалық түсіндірме жұмыстарын

жүргізді.[https://www.instagram.com/p/C7OUBx9MmXl/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/C7OUBx9MmXl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

-білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында білім мен тәрбие беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе»нің қайта оқытылуы болды. Сонымен бірге мұғалімдердің жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

2021-2022 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар , 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар , 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылған.

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 761 сағат, негізгі орта білім беруге – 1019 сағат, жалпы орта білім беруге 297 сағат, барлығы 2077 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі:Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik.kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар үшін сабақ кестесі жеке жасалған.Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2022 - 2023 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 58 класс жиынтығында – 1402 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 4 сынып жиынтықта – 80 білім алушы оқиды.

2022-2023 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж. 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер)

8, 11-қосымша - 1-4 кластар үшін; 13-16-қосымша- 5-9 кластар үшін 18,19,24,38,39-қосымша - 10,11 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып , жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 704сағат, негізгі орта білім беруге 978,5 сағат, жалпы орта білім беруге 231 сағат, барлығы 1913,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2021-2022 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен, 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 1913,5

апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2023 - 2024 оқу жылында контингент 1-11 сыныпта 63 класс жиынтығында – 1494 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 4 сынып жиынтықта – 81 білім алушы оқиды.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР ОА министрінің 18.08.2023 жылғы №264 бұйрығы, ҚР ОА министрінің 30.09.2022 жылғы №412 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 752,5 сағат, негізгі орта білім беруге 1079,5 сағат, жалпы орта білім беруге 272 сағат, барлығы 2104 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімі 34 аптамен сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 2104 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

*Жалпы қорытынды:* Жалпы 2021-2024жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz», «bilimclass» журналын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

*білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);*

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2021-2022 оқу жылында 10 «А» сыныбында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып тереңдетілген деңгей (химия, биология), стандартты деңгей (кәсіпкерлік және бизнес негіздері), 11-сыныптарда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тереңдетілген деңгей (физика, биология, шетел тілі (ағылшын), дүниежүзі тарихы) мен стандарттық деңгейден (графика және жобалау, физика, биология) таңдау пәндері жүргізілген. Білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді таңдауда 10 «А» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика, биология), стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), 10 «Ә» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (химия, биология), стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), 10 «Б» сыныбында тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика, биология), 11 «А» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (химия, биология), стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) таңдау пәндері жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді таңдауда 10 «А» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика, биология), стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), 10 «Ә» сыныбында тереңдетілген



деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, география), стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (химия , биология) , 10 «Б» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (химия , биология), стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), 10 «В» сыныбында тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, география), стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика , биология) , 11 «А» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика, биология) , стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) , 11 «Ә» сыныбында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (химия, биология) , стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) , 11 «Б» сыныбында тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, география), стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика , биология) таңдау пәндері жүргізілген.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен :

2021-2022 оқу жылында 10«А» класында "Физикалық құбылыстарды зерттеу" курсы (аптасына -2 сағат) , «Физика және медицина» (аптасына 1сағат) , гимназиялық компоненттен «Физикадан күрделілігі жоғары есептерді шешу жолдары» ( аптасына -2 сағат) , 10 «Ә» класында «Физикалық құбылыстар» курсы (аптасына -1 сағат) физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға,есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылған. 10 «А» класында «Тұрақты даму географиясы» курсы (аптасына -2 сағат), гимназиялық компоненттен «Елтану» (аптасына -1 сағат) , 11 «А» , 11 «Ә» , 11 «В» кластарында «Елтану » курсы (аптасына- 2 сағат)географияның бүгінгі таңдағы ғаламдық проблемалары мен әр түрлі әлеуметтік-саяси жағдайдағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер арқылы арттыру, мамандық таңдаған оқушыларға бағыт-бағдар беру; қоғам өмірі мен мемлекеттер жөнінде танымдық деңгейдегі мағлұматтармен таныстыру;

елдің қазіргі геосаяси жағдайын талдау арқылы саяси географиялық білімнің негізін қалау мақсатында оқытылған. 10 «А» , 10 «Ә» класында "Химиядан типтік есептерді шығару" курсы (аптасына – 1 сағат) , 11 «А» , 11 «Ә» , 11 «В» кластарында «Химия заңдылықтары мен есептеулері» (аптасына – 2 сағат) оқушылардың химиялық элемент, химиялық реакция, химиялық өндіріс негізіне кіретін заттар туралы білім ұғымдарын практикада қолдану мақсатында оқытылған.

10 «А» , 10 «Ә» , 10 «Б» кластарында «Шешендік өнер» курсы (аптасына -1 сағат) оқушыларға шешендік өнердің құдіреті мен мәнін, маңызын, әйгілі шешендердің өнері мен мұраларын үлгі ету, әдемі, мәнерлі, шешен сөйлеуге дағдыландыру, сөз қадірін ұғынуға, сөз астарын дұрыс түсінуге үйрету мақсатында , 10 «А» класында гимназиялық компоненттен «Жоғары математика есептерін шығару жолдары» (аптасына – 2 сағат) оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын дамыту, пәндік білімін тереңдету, оқушылардың ақыл - ойын кеңейту логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, тақырып бойынша алынған білімдерін қиындығы жоғары есептерді шығаруда тиімді пайдалана білуге үйрету мақсатында , 10 «Б» класында «Сен және сенің құқығың» , 11 «Б» класында «Құқық және заңдылық» курстары оқушыларды қоғамның саяси құқықтық жүйесімен таныстыру,құқықтық біліммен, құқықтық мәдениетпен қаруландыру мақсатында , 10 «Б» класында «Эссе-көркем туынды» (аптасына – 2 сағат) , 11 «Б» класында«Эссе-көркем туынды» (аптасына – 1 сағат) оқушыларға эссе тақырыбын түсінудің маңыздылығы, құрылымының әр бөлігін тереңдете меңгеру, эссе түріне қарай жазу тәсілдері туралы кеңінен білім беру және эссе жазу машықтарын жетілдіру мақсатында , 10 «Б» , 11 «А» , 11 «Ә» , 11 «В» кластарында «Абайтану» курсы (аптасына -1сағат) Абай шығармашылығының идеялық, мазмұндық-құрылымдық сипатын, тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерінен жүйелі білім беру, білім алушылардың танымдық (тілдік танымдық, дүниетанымдық, тұлғатанымдық) қабілеттерін дамыту, Абай ілімдері арқылы тұлғалық қасиеттерді: адамгершілік, этномәдени, тарихи, ұлттық құндылықтарды таныту, бағалай алу құзыретін дамыту, шығармашылық қабілетін шыңдау, білім алушылардың өзіндік даму бағытын, сыни ой-пайымын қалыптастыру мақсатында , 10 «Б» класында «Ағылшын тілінде сөйлейтін елдерге саяхат» курсы (аптасына -1 сағат) ағылшын тілінің тілдік қызметін жүйелі меңгерту, грамматика бойынша тереңірек теориялық білім білік дағдысын қалыптастыру және ағылшын тілінде сөйлейтін елдермен таныстыру мақсатында , 11 «А» , 11 «Ә» , 11 «В» кластарында «Мультимедия», 11 «Б» класында «Мультимедиялық технологиялар әлемі» курстары (аптасына 1-сағат) оқушылардың бойына графика және мультимедиямен байланысты практикалық міндеттердің шешімін табу құралы ретінде компьютерді игеру машығын қалыптастыру арқылы оларды технологиялық дамыған қоғам жағдайындағы белсенді өмірге дайындау мақсатында , 11 «Б» класында «Жалпы биология

негіздері» (аптасына -1 сағат) биологиялық заңдылықтарды, заманауи теорияларды, концепциялар мен ілімдерді терең мағынада түсініп қабылдауды қамтамасыз етуге, , оқушылардың жаратылыстану-ғылыми көзқарасы мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында , «Журналистика және стиль» сабағы (аптасына -1 сағат) оқушыларға журналистиканың қыр-сырын таныту, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында оқытылған.

2022-2023 оқу жылында «Қазақ тілі» таңдау пәні 10 «А» (аптасына -1 сағат) , 10 «Ә» (аптасына -2 сағат) , 10 «Б» (аптасына -2 сағат) , 11 «А» (аптасына -1 сағат) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында ,

10 «А» класында «Биология» таңдау пәні (аптасына -2 сағат), гимназиялық компоненттен «Жалпы биология негіздері» пәні (аптасына -1 сағат) ,11 «Ә» , 11 «Б» класында «Жалпы биология негіздері» курсы (аптасына -1 сағат) биологиялық заңдылықтарды терең мағынада түсініп қабылдауды қамтамасыз ету , оқушылардың жаратылыстану-ғылыми көзқарасы мен экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында , 10 «А» класында «Химия» таңдау пәні (аптасына -1 сағат) ,11 «А» класында гимназиялық компоненттен «Химия заңдылықтары мен есептеулері» пәні (аптасына -1 сағат) оқушылардың химиялық элемент, химиялық реакция, химиялық өндіріс негізіне кіретін заттар туралы білім ұғымдарын практикада қолдану мақсатында , 10 «А» , 10 «Ә» класында «Дүниежүзінің шаруашылық географиясы» , 11 «А» класында «Әлемдік туризм географиясы» элективті курсы (аптасына -1 сағат) , «География» таңдау пәні (аптасына -1 сағат) оқушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау мақсатында , 10 «Ә» класында «Физика» таңдау пәні (аптасына – 1сағат) , 10 «А» класында гимназиялық компоненттен «Физикадан күрделілігі жоғары есептерді шешу жолдары» ( аптасына -2 сағат) , 11 «А» класында гимназиялық компоненттен «Физика және медицина » ( аптасына -2 сағат) оқушыларды эксперименттік есептерді шығаруға үйрету және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға негізделген тапсырмаларды құрастыру, жинақтау мақсатында , 10 «А» ,11 «А» класында гимназиялық компоненттен «Жоғары математика есептерін шығару жолдары» (аптасына – 2 сағат) оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын дамыту, пәндік білімін тереңдету, оқушылардың ақыл - ойын кеңейту логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, тақырып бойынша алынған білімдерін қиындығы жоғары есептерді шығаруда тиімді пайдалана білуге үйрету мақсатында , 10 «Ә» класында «Орыс тілі мен әдебиеті» таңдау пәні (аптасына – 1сағат) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында , «Қазақ әдебиеті» курсы- 2 сағаттан 10б класында білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу мақсатында, 11 а класында «Геометрия » таңдау пәні (аптасына – 2 сағат)тұлғаның логикалық және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасау ,сондай-ақ, ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-білуге қажетті математикалық білім мен білік негіздерін игеру қоршаған ортаның бір тұтастығы туралы түсінікті қалыптастыруға ықпал ету мақсатында , 11 «Ә» , 11 «Б» класында«Эссе-көркем туынды» (аптасына – 1 сағат) оқушыларға эссе тақырыбын түсінудің маңыздылығы, құрылымының әр бөлігін тереңдете меңгеру, эссе түріне қарай жазу тәсілдері туралы кеңінен білім беру және эссе жазу машықтарын жетілдіру мақсатында оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 10 «А» класында «Химия» таңдау пәні (аптасына – 2 сағат), 10 «В» класында «Химия» таңдау пәні (аптасына – 1сағат), 11 «А» класында «Химия» таңдау пәні (аптасына – 2 сағат), 11 «Б» класында «Химия» таңдау пәні (аптасына – 1 сағат) білім алушыларға зат және олардың айналымы, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алу, ақпаратты сыни бағалау және шешім қабылдау үшін химиялық үдерістердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсіну мақсатында , 10 «А» класында «Биология» таңдау пәні (аптасына – 1 сағат), 11 «А» класында «Биология» таңдау пәні (аптасына – 1 сағат), гимназиялық компоненттен «Молекулалық генетика.Генетика негіздері» (аптасына – 1 сағат), 11 «Ә» класында «Биология» таңдау пәні (аптасына – 1 сағат) білім алушылардың заман талаптарына сай биологиядан білімдері мен біліктерін дамыту, өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну, өмірдің ең басты құндылық

ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау мақсатында , 10 «А» класында «Туризм географиясы» (аптасына – 1 сағат) ,11 «А», 11 «Ә» класында «Әлемдік туризм географиясы» (аптасына – 1 сағат) оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту, оқушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттептану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру, геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру мақсатында , 10 «А» (аптасына – 2 сағат),11 «А» класында(аптасына – 1 сағат) гимназиялық компоненттен «Жоғары математика есептерін шығару жолдары» оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын дамыту, пәндік білімін тереңдету, оқушылардың ақыл - ойын кеңейту логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, тақырып бойынша алынған білімдерін қиындығы жоғары есептерді шығаруда тиімді пайдалана білуге үйрету мақсатында, 10 «А» класында гимназиялық компоненттен «Физикадан күрделі есептерді шешу әдістері» ( аптасына -2 сағат) , 11 «А» класында гимназиялық компоненттен «Физикадан есептерді шешу әдістері» ( аптасына -2 сағат) , 10 «Ә» класында және 11 «Ә» класында «Физика» таңдау пәні (аптасына -1 сағат) , 10 «Б» класында «Физика» таңдау пәні (аптасына -2 сағат) оқушыларды эксперименттік есептерді шығаруға үйрету және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға негізделген тапсырмаларды құрастыру, жинақтау мақсатында, 10«Ә» , 10 «В», 11 «Б» класында «Қазақ әдебиеті» таңдау пәні (аптасына -1 сағат) білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында , 10«Ә» класында класында «Дүние жүзі тарихы» (аптасына -1 сағат)дүниежүзі тарихының негізгі оқиғалары мен процестерін оқу негізінде тарихи санасы қалыптасқан, азаматтық-патриоттық қасиеттерге ие, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, тарихи білім мен дағдыларын оқу процесінде және әлеуметтік жағдайда белсенді әрі шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру «Құқық негіздері»таңдау пәндері (аптасына -1 сағат) белсенді азаматтық ұстанымы бар, құқықтық тұрғыдан сауатты тұлғаны тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық білімді тәжірибеде қолдана алу дағдыларын дамыту мақсатында ,гимназиялық компоненттен «Ұлы дала өркениеті» пәні (аптасына – 2сағат) отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен процестерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отансүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру мақсатында , гимназиялық компоненттен «Практикалық қазақ тілі» пәні (аптасына -2 сағат) , 10 «А», 10 «Б», 10 «В», 11 «А», 11 «Ә» , 11 «Б» кластарында «Қазақ тілі» таңдау пәні (аптасына -1 сағат) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында оқытылды.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі [kundelik.kz](http://kundelik.kz), <https://bilimclass.kz> платформасында инварианттық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. Педагогикалық кеңесте қаралған.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2021-2022, 2022-2023 , 2023-2024 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2021-2022 оқу жылы	2	2	1	4	2	1	12
2022-2023 оқу жылы	4	1	1	7	1	0	14
2023-2024 оқу жылы	0	2	0	6	5	0	13

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі

бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

*Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.*

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

#### 2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылына денсаулығына байланысты 5 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

3 «Ә» сынып оқушысы *Казтурганов Сырымбекке* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік – консультациялық комиссиясының 2021 жылғы 27 тамыздағы №3464 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 3 «Ә» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

4 «Г» сынып оқушысы *Сатбай Алишер Аманжолұлына* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі №3847 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2021 жылдың 20 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 4 «Г» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

5 «Б» сынып оқушысы *Қази Серик* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2021 жылғы 08 қыркүйектегі №3654 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2021 жылдың 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 55-қосымшасы үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 5 «Б» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

6 «Г» сынып оқушысы *Нұрғали Ұлданай Бакытжанқызына* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2021 жылғы 02 желтоқсанындағы №5094 қорытындысына сәйкес және 2022 жылғы 31 қаңтардағы №516 қорытындысына сәйкес 2 айға үйден оқыту ұйымдастырылған.

2021 жылдың 02 желтоқсанынан бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 55-қосымшасы үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 6 «Г» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

11 «Ә» сынып оқушысы *Имашев Нұрсұлтан Ахмадиұлына* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2021 жылғы 04 тамыздағы №3231 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2021 жылдың 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы 57-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 11«Ә» сыныбында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

#### 2022-2023 оқу жылы:

2022-2023 оқу жылына денсаулығына байланысты 6 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

4 «Г» сынып оқушысы *Казтурганов Сырымбекке* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №3987 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 4 «Г» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

1 «В» сынып оқушысы *Жамбырбай Юсуф Бакитжанұлына* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 08 қыркүйектегі №3912 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2022 жылдың 08 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 1 «В» сыныбында 12 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

3 «Б» сынып оқушысы *Мерекеұлы Темірланды* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 07 наурыздағы №235 қорытындысына сәйкес 2 айға үйден оқыту ұйымдастырылған.

2023 жылдың 09 наурызынан бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 3 «Б» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2 «Ә» сынып оқушысы *Аманкелді Жанайымды* «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 09 ақпандағы №147 қорытындысына сәйкес 1,5 айға үйден оқыту ұйымдастырылған.

2023 жылдың 24 ақпаннан бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен

толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)53-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 2 «Ә» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

*6 «Б» сынып оқушысы Қазі Серік Ғабитұлын «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік – консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі №4163 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.*

2022 жылдың 01 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)55-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 6 «б» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

*11 «Ә» сынып оқушысы Саудыбаев Тимур Максатовичке «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №4103 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.*

2022 жылдың 23 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)57-қосымшасымен жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша үйде оқитын білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 11 «ә» сыныбында 19 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

#### 2023-2024 оқу жылы:

2023-2024 оқу жылына денсаулығына байланысты 2 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

*5 «Г» сынып оқушысы Казтурганов Сырымбекке «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік – консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 24 тамыздағы №726 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.*

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығы 55-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 5 «Г» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

*7 «Б» сынып оқушысы Қазі Серік Ғабитұлын «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «№2 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік – консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 26 қазандағы №1107 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.*

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы бұйрығы 55-қосымшасымен үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген. Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 7 «б» сыныбында 18 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

#### *Инклюзивтік білім беру туралы:*

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген

құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес инклюзивті білім берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2021-2022 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 білім алушы білім алған.

р/с	Оқушының аты-жөні	класы	ПМПК қорытындысы	Берілген күні
1	Амандық Олжас	1 «Ә»	ПМПК №3383	28.04.2021
2	Абдурахманов Нурдаулет	3 «А»	ПМПК №4125	11.10.2021
3	Құрманғазы Рустам	3 «Б»	ПМПК №4081	01.10.2021
4	Ағатаева Балнұр	3 «Ә»	ПМПК №4180	22.10.2021
5	Оразова Аяулым	6 «Г»	ПМПК №3907	20.08.2021
6	Алханбай Еламан	9«А»	ПМПК №4166	19.10.2021
7	Глеубаева Аяжан	11«В»	ПМПК №4134	13.10.2021

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 8 білім алушы білім алған.

р/с	Оқушының аты-жөні	класы	ПМПК қорытындысы	Берілген күні
1	Асқарбекұлы Нұржол	1 «Е»	ПМПК №4612	25.03.2022
2	Амандық Олжас	2 «Ә»	ПМПК №4922	13.05.2022
3	Бақытқали Мадияр	2 «Е»	ПМПК №32630	06.05.2022
4	Жанбырбай Жанерке	2 «Е»	ПМПК №5675	14.10.2022
4	Абдурахманов Нурдаулет	4 «В»	ПМПК №5715	27.10.2022
5	Құрманғазы Рустам	4 «Б»	ПМПК №5364	16.08.2022
6	Ағатаева Балнұр	4 «Г»	ПМПК №5742	07.11.2022
7	Оразова Аяулым	7«Г»	ПМПК №5222	13.07.2022

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 8 білім алушы білім алған.

р/с	Оқушының аты-жөні	класы	ПМПК қорытындысы	Берілген күні
1	Сапаров Мухаммад Канатович	1 «Е»	ПМПК №6803	21.07.2023
2	Абдурахманова Адеми Аймуратовна	1 «Г»	ПМПК №7321	16.11.2023
3	Қалдығарин Қайсар	1	ПМПК №26013	10.10.2023
4	Амандық Олжас	3 «Ә»	ПМПК №6945	24.08.2023
5	Бақытқали Мадияр	3«В»	ПМПК №7140	05.10.2023
6	Жанбырбай Жанерке	3 «Е»	ПМПК №6191	10.11.2023
7	Абдурахманов Нурдаулет	5«В»	ПМПК №7127	01.10.2023
8	Құрманғазы Рустам	5 «Б»	ПМПК №6888	11.08.2023
9	Ағатаева Балнұр	5 «Г»	ПМПК №7287	10.11.2023
10	Жұмабай Ислам	6 «Д»	ПМПК №6441	28.04.2023
11	Оразова Аяулым	8«Г»	ПМПК №7050	14.09.2023

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

